

Мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) және зияткерлік меншікті, материалдық емес активтердің құнын бағалау жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 1 ақпандағы № 81 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 161 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.03.2015 № 161 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

«Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесі;

2) зияткерлік меншікті, материалдық емес активтердің құнын бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) және зияткерлік меншікті, материалдық емес активтердің құнын бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру бойынша лицензиар болып белгіленсін.

3. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2013 жылғы 1 ақпандағы

№ 81 қаулысымен

бекітілген

Мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесі

| | | | |
|---------------------|--|--|--|
| | Мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мыналарды қамтиды: | Мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар | Ескертпе |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Жеке тұлғалар үшін | | | |
| 1. | «бағалау» мамандығы бойынша жоғары білімінің және (немесе) жоғары экономикалық немесе техникалық білімінің болуы | «бағалау» мамандығы бойынша жоғары білімінің және (немесе) жоғары экономикалық немесе техникалық білімінің болуын растайтын дипломның көшірмесі | мәлімет нысаны түрінде ұсынылады |
| 2. | жоғары экономикалық және (немесе) техникалық білімі бар тұлғалар үшін мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау бойынша тағылымдамадан өту | тағылымдамадан өткені туралы қорытындының көшірмесі | құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады |
| 3. | бағалау қызметі жөніндегі біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханынан өту | бағалау қызметімен айналысу құқығына біліктілік емтиханынан өткені туралы шешім | мәлімет нысаны түрінде ұсынылады |
| Заңды тұлғалар үшін | | | |
| 4. | заңды тұлғаның директорын қоса алғанда, штатта мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар кемінде екі қызметкердің болуы | лицензиясы бар штатта тұрған жеке тұлғалардың тізімі, олардың лицензияларының көшірмелері, бұйрықтар мен еңбек келісімдерінің көшірмелері | лицензияланған, штатта тұрған жеке тұлғалар, лицензиясының, бұйрықтары мен еңбек келісімдерінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысанында ұсынылады |

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Ү к і м е т і н і ң
 2 0 1 3 ж ы л ғ ы 1 а қ п а н д а ғ ы
 № 8 1 қ а у л ы с ы м е н
 бекітілген

Зияткерлік меншікті, материалдық емес активтердің құнын бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесі

| | | | |
|----------------------------|--|--|--|
| | Зияткерлік меншікті, материалдық емес активтердің құнын бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мыналарды қамтиды: | Зияткерлік меншікті, материалдық емес активтердің құнын бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар | Ескертпе |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Жеке тұлғалар үшін | | | |
| 1. | «бағалау» мамандығы бойынша жоғары білімінің және (немесе) жоғары экономикалық немесе техникалық білімі | «бағалау» мамандығы бойынша жоғары білімінің және (немесе) жоғары экономикалық немесе техникалық білімінің болуын растайтын дипломның көшірмесі | мәлімет нысаны түрінде ұсынылады |
| 2. | жоғары экономикалық және (немесе) техникалық білімі бар тұлғалар үшін зияткерлік меншікті, материалдық емес активтердің құнын бағалау бойынша тағылымдамадан етуі | тағылымдамадан өткені туралы қорытындының көшірмесі | құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады |
| 3. | бағалау қызметі жөніндегі біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханынан өтуі | бағалау қызметімен айналысу құқығына біліктілік емтиханынан өткені туралы шешім | мәлімет нысаны түрінде ұсынылады |
| Заңды тұлғалар үшін | | | |
| 4. | заңды тұлғаның директорын қоса алғанда, штатта зияткерлік меншікті, материалдық емес активтердің құнын бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар кемінде екі қызметкердің болуы | лицензиясы бар штатта тұрған жеке тұлғалардың тізімі, олардың лицензияларының көшірмелері, бұйрықтар мен еңбек келісімдерінің көшірмелері | лицензияланған, штатта тұрған жеке тұлғалар, лицензиясының, бұйрықтары мен еңбек келісімдерінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысанында ұсынылады |

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Ү к і м е т і н і ң
 2 0 1 3 ж ы л ғ ы 1 а қ п а н д а ғ ы
 № 8 1 қ а у л ы с ы н а
 қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Мүлікті бағалау (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) және зияткерлік меншікті, материалдық емес активтердің құнын бағалау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 25 мамырдағы № 419 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 16, 185-құжат) .

2. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 наурыздағы № 300 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 18, 160-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулар мен өзгерістердің 10-тармағы.

3. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 25 мамырдағы № 419 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 318 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 30, 234-құжат).

4. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 25 мамырдағы № 419 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 мамырдағы № 552 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 39, 483-құжат).

5. «Мүлікті бағалау (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) және зияткерлік меншікті, материалдық емес активтердің құнын бағалау жөніндегі қызметті лицензиялау және оған қойылатын біліктілік талаптары мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 25 мамырдағы № 419 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 қарашадағы № 1328 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 2, 36-құжат).